

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті Гуманитарлық пәндер
мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша АҚ мәжілісінің
№ 2 хаттамасы

Түркістан қаласы

18.11.2022 ж.

Қатысқандар: т.ғ.к., доцент Г.Примкулова, т.ғ.д., профессор Х.Түрсүн, т.ғ.д., профессор М.Қожа, т.ғ.к., доцент М.Жолсейтова, т.ғ.к., профессор м.а. Э.Зұлпыхарова, т.ғ.к., доцент Л.Динашева, п.ғ.к, доцент м.а. М.Рустамбекова, т.ғ.к., доцент м.а. З.Адилбекова, т.ғ.к., доцент м.а. А.Сандыбаева, т.ғ.к., доцент м.а. М.Сәулембекова, т.ғ.к., доцент м.а. Г.Жораева, т.ғ.к., доцент м.а. Н.Каттабекова, т.ғ.к., доцент м.а. А.Джумадуллаева, т.ғ.к., доцент м.а. Е.Төлегенов, PhD доцент Қ.Базарбаев, PhD М.Салғараев, PhD А.Оспанова, PhD М.Гурсой, PhD Б.Сиздиқов, PhD Хазретәліқызы Райгүл, магистр-оқытушылар: А.Ағайдарова, Ш.Нурманова, Е.Джандарбаев, Эрен Акдениз, аға лаборант Э.Алтынбекова, лаборант С.Пернебай.

Күн тіртібі:

1. Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастыру
2. ББ әзірлеу тақырыбына семинар ұйымдастыру
3. Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдау
4. Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістерін және құралдарын жобалау.

Тыңдалды.

АҚ төрағасы Л.Динашева: Саламатсыздар ма, АҚ мүшелері, бүгінгі күн тәртібінде Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастыру. Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдау. Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістерін және құралдарын жобалау. Қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау бойынша атқарылған жұмыстарды қарастырайық. Өз ойларыңызды ортаға салып талқылайық.

АҚ мүшесі – Г.Примкулова: Бірінші мәселе бойынша тоқталсам, Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастырылып 6В016-Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша оқу жоспарында көрсетілген пәндерге аудит жүргізілді. Білікті, білімді, заман талабына сай бәсекеге қабілетті маман дайындау үшін қажетті пәндерге сараптама жасалды. Жұмыс берушілермен кездесу өткізілді. Кездесу барысында 6В016-Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламалары егжей-тегжейлі талқыланып, жұмыс берушілер болашақ кадрларда қандай негізгі құзыреттіліктерінің болуы керектігіне тоқталып, бағдарламаларда практикаға негізделген қандай пәндердің болуы керектігі туралы өз ұсыныстарын білдірді. Сондай-ақ, қосымша білім беру бағдарламаларының (minor) пәндері талқыланып, қарастырылды. Білім беру бағдарламаларын талқылау барысындағы жұмыс берушілердің ұсыныстары ескеріліп, жаңа пәндер енгізілді.

АҚ мүшесі - Қ.Базарбаев: екінші мәселе бойынша ББ әзірлеу тақырыбына семинар АҚ мүшелерімен бірге ZOOM бағдарламасымен онлайн ұйымдастырылды. Семинар барысында білім беру бағдарламасы түлегінің моделін қалыптастырудың негізгі компоненттері білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері, кәсіптік қызметтің объектілері, түрлері мен бағыттары туралы ақпаратты, дескрипторларды қоса алғанда, маманның құзыреттілік моделін, білім беру бағдарламасына сәйкес құзыреттердің түрін, білім беру бағдарламасының нәтижелерін қамтыды.

АК мүшесі - М.Салғараев: үшінші және төртінші мәселелер бойынша, бакалавриат – кемінде 240 академиялық кредит міндетті түрде меңгерілетін тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «бакалавр» дәрежесін бере отырып, кадр даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі, БП және бейіндеуші пәндер циклі оқу пәндерін, кәсіби практикалардың түрлерін оқуды қамтиды. Сондықтан, осы мәселені ондағы пәндерді біріктіру мәселесін ақылдасып, шешімін қарау керектігін айтып өтті. Білім алушылардың оқу жетістіктері – білім алушылардың оқу үрдісінде алатын және жеке тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, іскерлігі, дағдылары мен құзыреттілігі; Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдауымыз керек.

АК төрағасы - Л.Динашева: Құрметті АК мүшелері алда жұмыстар өте тығыз және ауқымды жұмыстарды бірігіп жасасақ, барлық жұмыстар шешімін табады деп сенемін.

Шешім: Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудиті және ББ әзірлеу тақырыбына байланысты семинар ұйымдастырылды. Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдалсын. Қараша айында атқарылған іс-шаралар нәтижесі қабылдансын.

АК төрағасы:



Л.Динашева

Хатшы:



А.Оспанова